

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидаларын және құрамын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 387 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 312 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 84-бабының 8-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидалары және құрамы бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	30 наурыздағы
№ 387 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия қызметінің қағидалары

1. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін комиссия (бұдан әрі – комиссия) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі атқарушы органдардың келісілген іс-қимылын қамтамасыз ету үшін құрылған, тұрақты жұмыс істейтін болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, " Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексін (бұдан әрі – Кодекс), осы Қағидаларды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарды басшылыққа алады.

3. Комиссияның негізгі функциялары:

1) Кодекстің 84-бабының 2-тармағына сәйкес асырап алуға жататын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құжаттарын қ а р а у ;

2) қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарды (бұдан әрі – орган) балаларды қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа отбасына не патронаттық тәрбиеге орналастыру жөніндегі атқарған шаралары туралы тыңдау;

3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды (бұдан әрі – балалар) асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы қорытынды беру болып табылады.

4. Ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беру саласындағы уәкілетті органының басшысы (басшының орынбасары) комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия төрағасы комиссия қызметіне басшылық жасайды, комиссия отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды және комиссияның жүзеге асыратын қызметі үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес ж а у а п т ы б о л а д ы .

5. Комиссия осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының жанынан құрылады. Комиссия мүшелері комиссия отырыстарына алмасу құқығынсыз қатысады.

6. Комиссия жұмысының регламентін оның төрағасы бекітеді.

Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі және оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып с а н а л а д ы .

7. Комиссияда қарауға жататын құжаттарды ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім беру саласындағы уәкілетті органы дайындайды және олар түскен сәттен бастап он жұмыс күні і ш і н д е қ а р а л а д ы .

Комиссия қарауына түскен материалдардың уақтылы және сапалы қаралуын қамтамасыз ету мақсатында комиссия төрағасы мен мүшелері оларды жеті жұмыс күні ішінде алдын ала зерделейді.

Қарауға түскен материалдарды алдын ала зерделеу процесінде комиссия:

комиссия отырысына шақырып алынуға немесе шақырылуға жататын
а д а м д а р т о б ы н ;

материалдардың уақтылы және дұрыс қаралуы үшін маңызы бар
мән-жайларды қосымша тексеруден өткізу, сондай-ақ қосымша материалдарды
талап ету қажеттігін айқындайды.

8. Асырап алудың бала мүддесіне сәйкес келетіні не сәйкес келмейтіні туралы
комиссияның дәлелді шешімі отырысқа қатысып отырған оның мүшелерінің
көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде комиссия
төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және отырысқа қатысып
отырған мүшелері қол қояды.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда,
жазбаша түрде баяндалады және комиссия отырысының хаттамасына қоса
б е р і л е д і .

9. Комиссия отырыстарын өткізу нәтижесі бойынша комиссия төрағасы қол
қоятын балаларды асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы
қ о р ы т ы н д ы д а й ы н д а л а д ы .

Қорытынды үш жұмыс күні ішінде органға жіберіледі.

Орталықтандырылған есепке қоюға жататын балаларға қатысты орган
қорытындының көшірмесін Қазақстан Республикасының балалардың
құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органына жібереді.

10. Комиссия қызметін ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді ауданның,
облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы
органы жүзеге асырады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
азаматтары болып табылатын балаларды
асырап алуға беру туралы рұқсат
беру мүмкіндігі туралы қорытынды беретін
комиссия қызметінің қағидаларына
қосымша

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды
асырап алуға беру туралы рұқсат беру мүмкіндігі туралы
қорытынды беретін комиссия
ҚҰРАМЫ**

*** – ауданның, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың білім беру
саласындағы уәкілетті органының басшысы (басшының орынбасары) (Комиссия
т ө р а ғ а с ы) ;

*** – қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын маман (Комиссия хатшысы);

*** – ішкі істер органының өкілі;

*** – жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы жергілікті атқарушы органының құрылымдық бөлімшесінің өкілі;

*** – әділет органының өкілі;

*** – денсаулық сақтау органының өкілі.

Ескертпе: *** – тиісті мемлекеттік орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты.